

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 82/8 "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 5/10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 7402 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 106 және 109-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 82/8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6929 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 26927 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1560 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 25367 мың теңге;

2) шығындар – 27762,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -835,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –835,1 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 835,1 мың теңге.".

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

А. Сагитова

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының хатшысы

Р. Нурмуқанова

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының
2021 жылғы 6 мамырдағы
№ 5/10 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихатының
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ 82/8 шешіміне
1 -қосымша

2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	26927
1			Салықтық түсімдер	1560
	01		Табыс салығы	66
		2	Жеке табыс салығы	66
	04		Меншікке салынатын салықтар	1494
		1	Мүлікке салынатын салықтар	15
		3	Жер салығы	147
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1332
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	25367
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	25367
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	25367
Функционалдық топ				

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама			
1	2	3	4	5
			2) Шығыстар	27762,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17283
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17283
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16922
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8439,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8439,9
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2139,9
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4100
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	2200
12			Көлік және коммуникация	639
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	639
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	639
13			Басқалар	1397
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1397
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1397
15			Трансферттер	3,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3,2
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	3,2
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Б ю д ж е т т а п ш ы л ы ғы (профициті)	-835,1
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	835,1
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				

8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	835,1	
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	835,1	
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	835,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК